

Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 18 шілдедегі N 199-ө
Өкімі. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2007.05.23. N 135 өкімімен.

Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

- | | |
|-------------------------|--|
| Құсайынов | - Қазақстан Республикасының Экономика |
| Марат Әпсеметұлы | және бюджеттік жоспарлау вице-
министрі, жетекші |
| Әбдірахымов | - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік |
| Ғабидолла Рахметоллаұлы | қызмет істері агенттігі төрағасының
бірінші орынбасары, жетекшінің
орынбасары |
| Рахымбекова | - Қазақстан Республикасы Экономика |
| Алина Болатқызы | және бюджеттік жоспарлау
министрлігінің Бюджеттік процесс
әдіснамасы және функционалдық талдау
департаменті мемлекеттік органдардың
қызметін қаржымен қамтамасыз ету
басқармасының бастығы, хатшы |
| Пепенин | - Қазақстан Республикасы Премьер- |
| Анатолий Сергеевич | Министрінің Кеңесі Кадр жұмысы
бөлімінің меңгерушісі |
| Антропов | - Қазақстан Республикасының Премьер- |
| Петр Константинович | Министрі Кеңесінің Жиынтық талдау
бөлімі меңгерушісінің орынбасары |
| Тұмабекова | - Қазақстан Республикасы Премьер- |
| Кәмилаш Әбдікәрімқызы | Министрінің Кеңесі Экономика
бөлімінің бас сарапшысы |

- Күзембаев - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты
Тілеуғали Отарұлы жанындағы Сот әкімшілігі комитеті
төрағасының бірінші орынбасары
- Нұрғалиева - Қазақстан Республикасы Қаржы
Шолпан Кеңесбайқызы министрлігінің Қаржыны ішкі
әкімшілендіру департаменті
директорының орынбасары
- Қайсенова - Қазақстан Республикасы Еңбек және
Гүлжихан Қабділқайырқызы халықты әлеуметтік қорғау
министрлігінің Еңбек және халықты
жұмыспен қамту департаменті
директорының орынбасары
- Нұрмаханбетова - Қазақстан Республикасы Әділет
Нағима Жақсыбекқызы министрлігінің Қаржы департаменті
директорының орынбасары
- Шәженова - "Маркетингтік-талдамалық зерттеулер
Әлия Мәлсқызы орталығы" акционерлік қоғамы
Мемлекеттік саясатты талдау
департаментінің консультанты
- Асанғазиев - "Мемлекеттік қызметтерді көрсету
Рахымжан Мувашарханұлы стандарттарын әзірлеуге жәрдемдесу"
Еуропалық комиссиясы жобасының
к о н с у л ь т а н т ы

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің 2006.06.22. N 171 өкімімен.

2. Жұмыс тобы 2006 жылғы 1 тамызға дейінгі мерзімде мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

Премьер-Министр